

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 39 (834) 22 қазан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

«ҮЗДІК 30 АУЫЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай еліміздің үздік 30 ауылы анықталды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тұлға-достық» қоғамдық қоры «Үздік 30 ауыл» республикалық жобасын жүзеге асырды. Осылайша әр өңірдегі болашағы зор елді мекендер анықталды.

«Үздік 30 ауыл» жобасының авторы – ақын, «Тұлға-достық» қоғамдық қорының директоры Мұратхан Шоқан.

Мақсаты – үздік ауылдарды анықтап, өзгелерге үлгі-өнеге ету, ауылын көркейтуге үлесін қосып жүрген азаматтарды дәріптеу, сол арқылы кәсіпкерлердің, жастардың назарын туған ауылға бұру. Жоба аясында үздік ауылдар енген анықтамалық альбом жасалды. Оған әр облыстан 2-3 елді мекеннен кірді.

Солтүстік Қазақстан облысында Аққайың ауданындағы Дайындық ауылы және Қызылжар ауданындағы Новоникольск елді мекені үздіктер қатарынан көрінді.

Алматы облысының үздік ауылдары:

Қарасай ауданының Шамалған ауылы
Алакөл ауданының Жыланды ауылы
Панфилов ауданының Көктал ауылы
Ақмолаоблысының үздік ауылдары:
Целиноград ауданының Родина ауылы
Жақсы ауданының Жақсы ауылы
Ақтөбе облысының үздік ауылдары:
Қобда ауданының Қобда ауылы
Мәртөк ауданының Мәртөк ауылы
Атырау облысының үздік ауылдары:
Махамбет ауданының Махамбет ауылы
Жылыой ауданының Шоқпартоғай ауылы
Батыс Қазақстан облысының үздік ауылдары:
Бәйтерек ауданының Дариян ауылы
Тасқала ауданының Шейін ауылы
Жамбыл облысының үздік ауылдары:
Қордай ауданының Әлжан ана ауылы
Т.Рысқұлов ауданының Абай ауылы
Қарағанды облысының үздік ауылдары:
Нұра ауданының Шахтер ауылы
Нұра ауданының Қайнар ауылы
Жаңаарқа ауданының Ғралиев ауылы
Қостанай облысының үздік ауылдары:
Қарасу ауданының Қарасу ауылы
Федоров ауданының Федоров ауылы
Қызылорда облысының үздік ауылдары:
Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылы
Қармақшы ауданының III Интернационал ауылы
Маңғыстау облысының үздік ауылдары:
Маңғыстау ауданының Оңды ауылы
Түпқараған ауданының Таушық ауылы
Павлодар облысының үздік ауылдары:
Шарбақты ауданының Орловка ауылы
Ақсу ауданының Евгеньевка ауылы
Түркістан облысының үздік ауылдары:
Төлеби ауданына қарасты Бірінші Мамыр ауылы
Кентау ауданының Байылдыр ауылы
Шығыс Қазақстан облысының үздік ауылдары:
Шемонаиха ауданының Камышинка ауылы
Жарма ауданының Шалабай ауылы

Үздік деп танылған ауылдардың өкілдері Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында марапатталды.

<https://www.inform.kz/>

САНАҚ ҰРАНЫ – «ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ»

Қазақстанда кезекті халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өтеді. Ұлттық статистика бюросы биыл санақты өткізу процесі автоматтандырылғанын және оған заманауи сандық технологиялар енгізілген. Биыл сауалнама парақтарын онлайн режимде өз бетінше немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндігі қарастырылған. 1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz сайты жұмыс жүргізуде. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн режимде сұрақтарға жауап бере алды. Ал дәстүрлі жалпы аралау 1-30 қазан аралығында өтеді және ол белгіленген мерзім ішінде санаққа онлайн қатыспаған респонденттер арасында жүргізіледі. Бұл кезеңнің жаңалығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшет қолданады. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, egov.kz электронды үкімет платформасында sanaq.gov.kz сайтының қосымша парағы орналастырылады, ол арқылы электронды цифрлы

қолтаңбаны қолданып, санаққа қатысады. Мобильді азаматтар үшін Aitu мобильді қосымшасы арқылы Ұлттық санаққа қатысу мүмкіндігі ұсынылды.

Call-орталық қызметі тегін. Ұлттық санақ кезінде 1446 бірыңғай call-орталығы жұмыс істейді. Ол елдің барлық аумағындағы мобильді және стационар телефондар үшін бірыңғай нөмір болады. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс жасайды. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін. Респондент call-орталыққа 1446 нөмірі бойынша қоңырау шалған кезде кейбір айқын сұрақтар бойынша Бюроның аймақтардағы және Орталық аппараттағы сәйкесті телефон нөмірлеріне автоматты түрде қосулар жүргізіледі.

Сонымен қатар, респонденттер кез-келген арыз-сауалмен немесе кеңес алу үшін Бюроның <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсына, Бюро басшысының блогына, сондай-ақ, әлеуметтік желілер арқылы (YouTube, Facebook, Instagram, Telegram) жүгіне алады.



ДЕРТТІ ВАКЦИНА ҒАНА ТОҚТАТА АЛАДЫ



Кеңес Одағы кезінен бері қаншама вакциналау процесін көрдім, басы-қасында да болдым. Бірақ алыпқашпа әңгімелер, видеолар, аудиолар мен жалған хабарламалар тараған кез есімде жоқ. Қазіргі жағдай басқаша. Тап қазір адамзаттың бас амандығы вакцинаға тәуелді болып тұр.

Бұл дауасыз дертті тек вакцинамен ғана тоқтата аламыз. Осы мәселені ендігі жерде талқылаудың өзі артық. Адамзаттың коронавирусты зерттей бастағанына 1,5 жылдан енді асса да, генетикалық құрылымы, шифрі құпияларының жұмбағы енді анықталды. Қалай күресуге, алдын алуға болатыны

да белгілі. Обыр ісігі немесе АИТВ вирусымен салыстырғанда, коронавирустың өміршең еместігі, оның адам ағзасына қонақтайтын уақыты шамамен 3 апта екені де ғылыми негізде жүйеленіп, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың, үлкен қаржылық және адами ресурстардың нәтижесінде өндірістік айналымға жіберілді.

Бізде вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ғылыми және клиникалық деректер жеткілікті. Ауырған және вакцинаның толық курсынан өткен адамдар КВИ-ге қарсы ең жақсы иммундық қорғанысқа ие екендігі айтылып жатыр. Ақпан айында жаппай вакцина басталған кезде медицина қызметкерлері вакцинаға аландаушылық білдірді. Кейіннен көп елдерде жанама әсер болмағанын көрді. Қазір адамдардың сенімі пайда болды. Бұл ел арасында алыпқашпа қауесеттен туған негізсіз әңгімелерге нүкте қоюы тиіс еді. Бірақ олай болмай тұр. Индеттің алғашқы кезеңдерінде инфекция егде адамдарға аса қауіпті деген пікір басым еді. Қазір коронавирус күн өткен сайын жасарып барады. Тіпті бесіктегі бөбектерден де дерт белгісі табылғаны – қауіптің басы. Дертті вакцина ғана тоқтата алатыны, бұдан басқа жол жоқ екенін түсінетін кез жетті.

Абайдулла ЖАПАРОВ,
журналист, «Егемен Қазақстан»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

"Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы (www.enbek.kz) жұмыс іздеушіге мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. Жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға жәрдем көрсету, оның ішінде: жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу және еңбек делдалдығын көрсету, жұмыссыз ретінде тіркеу, мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына (жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар) бос жұмыс орындарын таңдау.

2. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау.

Ең бастысы, бұл мемлекеттік қызметтерді азаматтар үйден шықпай-ақ, сондай-ақ Тайынша қаласы, ауылдық округ

әкімдіктерінің және халықты жұмыспен қамту орталығының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында ала алады, яғни жұмысынан айырылған азаматтар "Электрондық еңбек биржасы" порталы арқылы кез келген компьютерден жұмыс іздеп жүрген адам ретінде, ал үш жұмыс күнінен кейін жұмыссыз ретінде тіркеуге тұра алады. Өзінің түйіндемесін порталға орналастырып, азамат, оны қызықтырған кәсіпорындарға жіберіп, лайықты бос жұмыс орындарын қарап шыға алады.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде көрсету бойынша анықтамалық ақпаратты www.enbek.kz сайтынан және мына телефондар бойынша: 8 (71536) 23347, 22527 алуға болады.

Сауле ЖАКЕНОВА,
Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, САҚТАНДЫРУ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүкті және босанған әйелдер үшін пайдалы болатын үлкен шалуды дайындады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарының өтініштерін қарау жөніндегі сарапшы, тәжірибелі дәрігер Бағдагүл Ысқаққызы Әбдірасылова әйелдерге жеңілдікті мәртебені қалай алуға болатынын, сақтандырусыз есепке тұру жағдайын түсіндіреді және оларға қандай медициналық көмек көрсетілетінін айтады.

Ана мен баланы қорғау медициналық көмек көрсетудің басым бағыты болып табылады. Жүктілік барысын бақылау болашақ ананы медициналық қызметтердің қажетті кешенімен қамтамасыз етуге және жүктілікті жүргізу хаттамаларын сақтауға дәрігерлердің ғана қатысуын талап етпейді. Жүкті әйелдің дәрігердің ұсыныстары мен нұсқауларын орындауға қатысуы да міндетті шарт болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте жүкті әйелдің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Бұл, ең алдымен, әйелдің өз денсаулығын және әлі туылмаған баласының денсаулығын қорғауға, жүктілік кезінде, босану кезінде және одан кейін медициналық көмекке құқығы. Ал жүкті әйелдің міндеті бақылауда болуы үшін дер кезінде есепке тұру болып табылады», - деп атап өтті Бағдагүл Әбдірасылова.

Жүктіліктің алғашқы белгілерін байқаған сәттен әйел тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгінуі қажет.

Емхананың медицина қызметкерлері жүктілік кезінде тек медициналық бақылауды ғана емес, сонымен қатар психопрофилактикалық көмекті де көрсету арқылы, болашақ анаға көмектесуге және оны қолдауға шақырылады.

Жүкті әйелді есепке қою мәселесі

Әйел жүктіліктің 12 аптасына дейін міндетті түрде емханада тіркелуі керек. Егер әйел ресми түрде жұмысқа орналасқан болса, онда заң бойынша жұмыс беруші өз қызметкеріне тексерілу үшін және жүктілігі бойынша медициналық есепке тұруына уақыт беруі керек. Бұл ретте оның жұмыс орны, лауазымы және орташа жалақысы сақталады. Бұл норма Кодексте қарастырылғанымен, дегенмен барлық әйелдер өздерінің құқықтары туралы біле бермейді. Сонымен, жүкті әйелге қандай медициналық көмек көрсетілуі тиіс? «Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету стандартында (ҚР ДСМ №92 бұйрығы) жүкті әйелдің міндетті тексерістерден өтуі және гинеколог, терапевт дәрігеріне немесе басқа да бейінді мамандарға баруы көзделген. Ең бастысы-әрдайым байланыста болу және акушермен немесе гинекологпен хабарласып тұруы. Жүкті әйел акушер-гинекологқа бірінші рет жүгінген кезде дәрігер өмір тарихын, яғни оның даму тарихын жинайды: балалық шақта орын алған аурулар, оларды емдеу әдістері, операциялар. Әйел барлығын, соның ішінде егер болған жағдайда, алдыңғы жүктілік туралы айтуы керек. Мұның бәрі өте маңызды», - Бағдагүл Әбдірасылова.

Анамнезді толық жинағаннан кейін гинеколог науқастың және оның серіктесінің медициналық деректерін зерттей бастайды. Әйелдің жұмыс жағдайы, сонымен қатар темекі шегу, алкоголь, есірткі немесе басқа да психоактивті заттарды қолдану сияқты зиянды әдеттердің болуына дейін барлығы белгілі болады. Жүктілік мерзімі белгіленгеннен кейін бірінші қабылдауда акушер-гинеколог жүкті әйелдің жеке картасын ресімдейді және оның қолына айырбастау картасын береді. Сондай-ақ медициналық тексерулер тағайындалады, оған міндетті түрде мыналар кіреді:

- 1) жүкті әйелді зертханалық тексеру – жалпы сипатта, әртүрлі ауруларды анықтау үшін;
- 2) хромосомалық патология және құрсақшілік ұрықтың туа біткен даму ауытқулары (даму кемістіктері) бойынша қауіп тобын анықтау үшін пренаталдық скрининг;
- 3) функционалды тексерулер: электрокардиограмма (ЭКГ), көрсетілімдер бойынша эхокардиография (ЭхоКГ), бүйректің ультрадыбыстық зерттеуі (УДЗ);
- 4) стоматологиялық консультациясы (жүкті әйелдерге шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек МӘМС жүйесінің қатысушылары ретінде тегін көрсетіледі) және көрсетілімдер бойынша – отоларинголог дәрігердің қарауы.

Жүктілік бойынша есепке қойылғаннан кейін келесі қабылдау күні 10 күннен аспайтын мерзімде тағайындалады.

Жүкті әйелді бақылау жоспары

Екінші қабылдауда жүкті әйелді тексеру нәтижелерін алғаннан кейін гинеколог оның қауіп факторларын ескере отырып, белгілі бір топқа жататындығын анықтайды және жүктілік пен босануды бақылаудың жеке жоспарын жасайды, сонымен қатар қосымша тексеру жүргізеді.

Сондай-ақ, екінші қабылдауда жүктілікке қарсы көрсетілімдердің болуы немесе болмауы анықталады. Егер қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, онда жүктілікті тоқтату туралы мәселе медициналық кеңес беру комиссиясына жіберіледі. Сонымен қатар, әйелдің өзі бала көтерумен және оның туылуымен байланысты барлық қауіптер түсіндірілгеннен кейін жүктілікті үзуге қатысты шешім қабылдауға құқылы. «Жүктілікті тіркеуді емхананың акушер-гинеколог дәрігері жүргізеді. Медициналық көрсетілімдер болған кезде, сондай-ақ жүкті әйелдің жағдайын ескере отырып, ол жүктілікті жүргізуге арналған мамандандырылған орталыққа ауыстырылуы мүмкін. Сондай-ақ, әйел дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы бойынша жұмыстың неғұрлым жеңілдетілген шарттарын алуға құқылы», - деп Бағдагүл Ысқаққызы жүкті әйелдердің құқықтарын түсіндіреді. Содан кейін, 30 аптада болашақ ана міндетті түрде қайта тексеруден өтуі қажет. Ол қайтадан қажетті сараптамаларды тапсырады. Үшінші триместрде ультрадыбыстық скрининг жүргізіледі.

Сарапшы атап өткендей, егер әйелден патология анықталатын болса, онда оның денсаулығы мен жүктіліктің барысын ерекше бақылау үшін ол әйелдер кеңесінде жиі болуы керек.

"ӘМСҚ" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

СҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін жалпы сомасы 1 млн. теңгеден астам сомаға 5 адамға сыйақы берді. Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин ведомствоның ағымдағы жылдың 9 айындағы қызметінің қорытындыларына арналған брифинг барысында хабарлады.

Департаментпен өткен кезеңде барлығы 74 қылмыс тіркелді, оның ішінде 66 сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша.

«Мемлекеттік органдардың 8 басшысы әшкереленді. Белгіленген шығын сомасы 420 млн теңгені құрады, оның 99%-ы өтелді. Ағымдағы жылы 18 адам сотталды, оның ішінде: 5 - бас бостандығынан айыруға, 1 - бас бостандығын шектеуге, 12 - айыппұлға сотталды», - деді Нұрлан Жахин.

Спикер үкімдері заңды күшіне енген қылмыстық істер

* * * * *

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БЕРІ БАЛАЛАРҒА 580-НЕН АСТАМ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛЫНДЫ

Қазақстандық балаларға жыл сайын жүздеген жоғары технологиялық операциялар жасалынады. 2021 - жылдың 8 айында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатының есебінен 2,4 млрд теңге сомасына 582 операция жүргізілді. Жоғарыда аталған бір операцияның орташа құны 4 млн теңгеден асады.

Жоғары технологиялық медициналық қызметтер (ЖТМҚ) диагностика мен емдеудің инновациялық, бірегей әдістерінің көмегімен жүргізіледі. ЖТМҚ-мен емделетін балаларда жиі кездесетін диагноздар-қан айналымы жүйесі, генитуралы жүйе, ас қорыту, эндокриндік жүйелерінің аурулары және туа біткен ақаулар. Жыл басынан бері 198 бала кохлеарлық есту аппараттарын имплантациялаудың арқасында есту мүмкіндігіне ие болды, 172 пациент жүрек қызметін қалпына келтірді, 67 баланың несеп-жыныс жүйесі органдарында ота жасалынды. Қазақстандық мамандар қан мен сүйек кемігінің онкологиялық ауруларын емдеу кезінде 22 аллогендік және 5 аутологиялық сүйек кемігін трансплантациялауды жүргізді.

Тағы 9 кішкентай қазақстандыққа бауыр трансплантацияланды, екі балаға ми ісіктері кезінде күрделі нейрохирургиялық оталар жасалынды.

Ең көп жоғары технологиялық медициналық көмек Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында көрсетіледі. 2021 - жылдың 8 айында елордада балаларға 278, Алматыда – 252 жоғары технологиялық ота жасалды.

Ел ішінде медициналық технологияларды дамыту, бұл балаларға шетелге емделуге шықпай-ақ ем алудың мүмкіндігі екенін атап өткен жөн.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандық дәрігерлердің оқуына және біліктілігін арттыруға ақы төлейді. Шетелдік мамандарды тарта отырып мастер-кластар өткізу, бейінді отандық дәрігерлерді (онкологтар, гематологтар, офтальмологтар, ангиохирургтер) қазақстандық ауруханалар мен f3I-да енгізілетін жаңа технологияларға оқытуға мүмкіндік береді. Биылғы жылы мастер-класс шеңберінде 8 балаға интраокулярлы ретинобластомамен селективті артериялық химиотерапия жүргізілді, бұл қатерлі ісіктерді емдеуге көмектесті, 5 балаға көмей және кеңірдек стенозымен түрлі реконструктивті операциялар жасалынды, 1 балаға халықаралық тіркелімінен бағаналық жасушаларды жеткізу арқылы туыс емес донордан гемопоэздік дің жасушаларын аллогенді транспланттау жүргізілді.

ЖТМҚ-ға жолдаманы қалай алуға болады?

ЖТМҚ алуға жіберу туралы шешімді пациентті жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін қандай да бір медициналық ұйымға жіберу мәселесін шешу үшін бейінді мамандар кіретін жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы құрған арнайы комиссия қабылдайды. Бұдан әрі медициналық ұйым пациенттің тіркелген жері бойынша құжаттар пакетін ЖТМҚ комиссиясының қарауына жібереді, содан кейін комиссия құжаттарды қарайды, жолдаманың негізділігін айқындайды және хаттамаға ресімдей отырып, шешім қабылдайтын болады. Оң шешім қабылданған жағдайда ЖТМҚ комиссиясы емдеуге жатқызуға жолдаманы пациенттің құжаттар пакетін қоса бере отырып, «Емдеуге жатқызу бюросы» порталында тіркейді. Электрондық форматта қалыптастырылған медициналық ұйымға емдеуге жатқызуға жолдаманы пациент веб-порталда, ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімінде және тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына сұрау салу бойынша ала алады. Емдеуге жатқызуға жолдама келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қаралады және науқасты стационарға емдеуге жатқызу күнін айқындайды.

Егер сізде медициналық көмек алуға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда, сіз өз емханаңыздағы Пациентті қолдау қызметіне хабарласа аласыз. Сондай-ақ, Қорға ресми кері байланыс арналары арқылы өтініш бере аласыз: 1406 байланыс орталығы, «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы, Қордың www.fms.kz сайты, Telegram-дағы Saqtandyru-bot.

"ӘМСҚ" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

• Жемқорлыққа Жол Жоқ !

БЕС АДАМҒА СЫЙАҚЫ БЕРІЛДІ

бойынша бірқатар мысалдар келтірді. Атап айтқанда, Петропавл қалалық сотының үкімімен СҚО әкімі аппараты Шаруашылық басқармасының басшысы Жұмабаев 7 жылға және оның орынбасары Сағдеев 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Олар жылы жүйесін ағымдағы жөндеу бойынша Мемлекеттік сатып алудың жалған шарттарын жасасу жолымен 5 млн.теңге сомасында бюджет қаражатын жымқырды деген күдікке ілінген болатын. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу шарттарын кедергісіз жасағаны үшін 3 кәсіпкерлік субъектісінен жалпы сомасы 1 млн.теңге пара алуда Жұмабаевтың кінәсі дәлелденді.

Ал ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің бас сарапшысы Ашанбаевқа қалааралық және халықаралық жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын жеке кәсіпкерді пара беруге итермелегені үшін алаяқтық фактісі бойынша 30 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

* * * * *

ЖАҢА НОМЕНКЛАТУРАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ УАҚЫТЫ

КММ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» Тайынша қаласының филиалы қазанның 1 2021 жылдың өзінің мекемелердің құжат номенклатурасын жинау көздерінің тізіміне сәйкес мақұлдау жұмыстарының басталуы туралы хабарлайды.

Істер номенклатурасы – ұйымның ең негізгі құжаттардың бірі болып, қайда қандай құжаттар және қай бөлімде сақтау керек, олармен кім жұмыс істейді, сақтау мерзімі туралы ақпарат шоғырланған.

Ұйымдарда істер номенклатурасы жұмыс барысында жинақталған құжаттарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Оны құрастыру барысында әр түрлі құқықтық актілермен нұсқаулану қажет.

Істер номенклатурасы келесі мақсаттарда әзірленеді:

- құжаттарды олардың түрлері бойынша жылдам іздеу;
- істер бойынша жасалған құжаттарды тарату;
- сақтау мерзімін анықтау;
- орындалған құжаттардың анықтама файлын құру.

Істер номенклатурасы сараптау комиссиясының тексерісінен кейін басшы кәсіпорынның жұмыс кезеңінде бекітеді. Істер номенклатурасындағы СК аббревиатурасы – ол сараптау комиссиясы, онымен жасалған құжаттар келістіріледі. Істер номенклатурасын мақұлдағаннан кейін, ұйымдағы құжаттарды қалыптастыруға және жүргізуге жауап беретін, басшының бұйрығымен қызметкер тағайындалады. Онын барлық функционалды міндеттері лауазымдық нұсқауларда көрсетілген. (істер номенклатурасын әзірлеу жауапкершілігі әдетте кеңсе меңгерушісіне немесе кеңсе хатшысына, хатшылыққа немесе хатшыға жатқызылады). Істер номенклатурасының бірлік құрылымы 3 данамен басылады. құрылымдық бөлімше басшысының қолы қойылады, мекеменің мұрағатымен келісіп, тапсырылады:

- бірінші көшірме кеңсеге;
- екінші көшірме құрылымдық бөлімге;
- үшінші көшірме мұрағатқа.

Істер номенклатурасы күнтізбелік жылдың 10 желтоқсаны күнінен кешіктірмей жасалады. Егер ұйымның функциялары мен құрылымында концептуалды өзгерістер болмаса, істер номенклатурасы мемлекеттік мұрағат мекемесімен кемінде 5 жылда бір рет келеседі.

Ұлттық мұрағат қорын толықтыру көздері болып табылмайтын ұйымдар, істер номенклатурасын сараптамалық тексеру комиссиясының бекітуіне ұсынбайды.

Істер номенклатурасын әр жылдың соңында ұйым басшысы бекітеді және бекітілгеннен кейін келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Істер номенклатурасы - әрбір ұйымның іс жүргізудің анық жұмысының маңызды атрибуты. Біз бұл құжаттың маңыздылығын атап өткіміз келеді.

Айжан ИСМАИЛОВА,

Тайынша аудандық филиалы, мұрағатшы.

ТІЛСІЗ ЖАУДЫ ЖЕҢГЕН ЖАНАТ



Тайынша ауданының төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Жанат Донанов азаматтық қорғау органдарында жиырма жылдан артық қызмет етіп келеді.

біледі, жеке құрамды басқарып, қиын сәтте жылдам шешім қабылдайтын ерекше жан.

Өмірінің белгілі бір кезеңінде мамандық таңдауда ең алдымен тәуекел мен қауіпке жақын қызметті, қоғамға қызмет етуді, адамдарға көмек көрсетуді мақсат етті, армандады. Оның еңбек жолы адам өмірін құтқару, өрттер мен төтенше жағдайларға толы.



түтіндеген ғимараттардан адамдарды, оттан балаларды шығарды. Қандай жағдай болмасын, бірінші кезекте адам өмірі тұруы керек.

Ж. Донанов – бұрынғы Көкшетау облысы, Қызылту ауданының тумасы. Осы ауылда білім алып, содан кейін кәсіптік техникалық училищеде көлік жүргізушісі курсың тәмамдап, кейін жергілікті кәсіпорынның автоколоннасында темір ұстасы болып еңбек етті.

Алдымен қарауыл басшысы лауазымынан бастап, кейін өртке қарсы қызмет инспекторы болды. Кадр ауыстыру тәртібімен 2011 жылдың сәуірінен бастап Тимирязев ауданына, 2015 жылы Тайынша ауданына ауыстырылды.

Жанат Асылбекұлының бүгінгі таңда басқарып келе жатқан Тайынша аудандық төтенше жағдай бөлімінің міндеттері аз емес.

Жалпы тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу, түрлі нысандардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеру. Жыл сайын тексеру, рейд, халықпен алдын алу, әңгімелер мен кездесулер жүргізу, кез-келген іс-шараның алдын ала жоспарын құру.

Тайынша аудандық Төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары қиындығына қарамастан, өз жұмыстарын жауапкершілікпен және адал атқарып келеді.

Жанат Асылбекұлы өзінің алғашқы марапатын ұмытпайды — ана мен баланы құтқарғаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталған.

Одан кейін де түрлі деңгейдегі марапаттары көбейе түсті: көп жылғы еңбегі үшін, мерейтойлық медальдар, құтқару операцияларына қатысқаны үшін арнайы төс белгі, ҚР ТЖ Министрлігінің, ТЖ Департаментінің, Тимирязев ауданы әкімінің Құрмет грамоталары.

Қазіргі таңда Жанат Асылбекұлы кезінде өзінің әкесі сияқты, өз тәжірибесі және білімімен жастармен бөліседі, қиыншылықтармен күресуге үйретеді. Бастысы бұл жерде тек кәсіби дағдыларын шыңдау емес, мамандығының мәнін, қағидаларын түсінетін, ержүрек адамдарды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту мәселесі мемлекеттің басты назарында. Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті – адам өмірін құтқару, бұл жоғары және жауапты миссия.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ТАЙЫНШАДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Тайынша ауданының орталығы Тайынша қаласында стационарлық модульдік полиция пункті өз жұмысын бастады.

Жаңа стационарлық пункт Садовая к-сі, 2 «А» мекенжайындағы спорт кешенінің аумағында және бұл пункт №4 орта мектеп, Темір жол және автостанция, жеке меншік үйлер қоршаған.

Үй-жайдың жалпы ауданы 21 шаршы метр, электрмен жылыту қондырғысы жұмыс істейді; пункт коммуникацияларға қосылған, сумен қамтамасыз етілген, сондай-ақ кеңсе жиназдарымен жабдықталған.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы полиция генерал-майоры Марат Төлебаев, аудан әкімі Руслан Анбаев пен Консультативтік-кеңесші органның төрағасы Жасұлан Ахметов пункттің жабдықталу мен тәулік бойы қызмет атқару үшін жағдайымен танысты.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ ОРТАША ТАБЫСТЫ ЕСЕПТЕУ

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-п бұйрығы) сәйкес, жиынтық табысты атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жәрдемдесуді жүзеге асыратын халықты жұмыспен қамту орталығы есептейді.

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
2) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде көрсетілген балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түріндегі табыс;
3) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
4) кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс;
5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден және сатудан түсетін табыс;
6) бағалы қағаздардан түсетін табыс;
7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған табыс;
8) кредитті (микрокредитті) пайдаланудан түскен кірістер;
9) өтеусіз алынған ақша түріндегі табыс;
10) ақша салымдары және депозиттер бойынша сыйақылар (мүдде) түріндегі табыс;
11) ақшалай аударымдар түріндегі табыс;
12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша алынған ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі табыс;
13) Бағдарлама шеңберінде ерікті түрде қоныс аударушыларға (әр отбасы мүшесіне) көшуге берілетін біржолғы төлемді қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан алынған табыс.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген отбасы мүшесінің табыстары келген күнінен бастап есепке алынады. Есепті кезеңде отбасы мүшесі шығып қалған кезде отбасының жиынтық табысы шыққан күнінен бастап отбасының шығып қалған мүшесіне келетін жан басына шаққандағы орташа табысы шегеріле отырып есептеледі.

2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларының 21-тармағына сәйкес: "Атаулы әлеуметтік көмекті алушы он жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығын, ал ауылдық жерлерде кент, ауыл, ауылдық округ әкімін атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің немесе оны алу құқығының өзгеруі үшін негіз болатын мән-жайлар туралы хабардар етуге міндетті. Отбасының құрамы және кірісі өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қайта есептеледі.

Алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақытында хабардар етпеген кезде, көмек мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап, бірақ оны тағайындау күнінен ерте емес қайта есептеледі, ал өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға және (немесе) төлеуге алып келген жалған мәліметтер ұсынғаны анықталған жағдайда адамға (отбасыға) тағайындалған кезеңге атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуы тиіс.

Айсұлу ЕСЕНГЕЛДИНОВА,

Халықты жұмыспен қамту орталығының кеңесшісі.

ЭХИНОКОККОЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ

«Эхинококкоз» - ауыр паразиттік гельминтикалық ауру. Эхинококкоздың қоздырғышы - таспа құрт, бұл гельминтоз, негізінен бауыр мен өкпеге әсер етеді. Адам үшін ең үлкен қауіп төндіретін өмірлік маңызды органдардың (бас миы, жүрек) зақымдануы. Личинка көптеген жылдар бойы өсіп, дамып, денеде өмір сүре алады. Органға түскенде эхинококкты көпіршік өте үлкен мөлшерге дейін өседі, кейде тіпті жаңа туған нәрестенің басының мөлшеріне дейін өседі. Паразиттің көлемі ұлғайған сайын ол көрші органдарға қысым тигізеді.

шөпті жеу арқылы жұқтырады. Көбінесе эхинококк жұмыртқалары қойдың жүнінде кездеседі. Ит жұқтырған жануардың етін жеу арқылы жұқтырылуы мүмкін және оның ішінде цепень дамиды, оның жұмыртқалары шөпте немесе жүнінде қалады. Адамдардың эхинококкозымен инфекциясы эхинококканың ластанған жұмыртқаларын көк, көкөністер, жидектер, сумен жегенде, жұқтырған жыртқыштардың терісін алып тастағанда, инвазиялық иттермен тығыз байланыста болған кезде пайда болады.

Бұл инвазиямен күрестегі жетекші буын- бұл иттердің эхинококкозын жұқтыру мүмкіндігінің алдын алу. Эхинококкоздың профилактика шаралары бұл: жеке – иттермен қатынасқаннан кейін қолды жуу, жеке гигиенаның жалпы ережелерін сақтау; қоғамдық – қаңғыбас иттерді, әсіресе қой шаруашылығында аулау; сою орындарында ірі және ұсақ малдың ұшаларына сараптама жүргізу; эхинококкозбен ауырған жануарларды, иттерді тамақтандыруға жол бермеу керек; мұндай органдар жойылуға жатады.

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!!!!

Галина ТОЛЛОЛУЖИНСКАЯ,

Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!

Құрметті жеңгеміз Зейни ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ!

Біздің Тақышевтар әулетінің қадірлі келіні, алтын жеңгеміз, отбасында аяулы ана, ақылшы әже - Сізді адам өмірінің айтулы белесі 70 жасқа толудың басын шын жүректен құттықтаймыз! Сіздер ағамыз екеуіңіз өз замандарыңызда елге, халыққа қызмет еткен, ұрпақ өсірген буынсыздар. Енді соның жемісін-бейнеттің зейнетін көрер кез келді. Бұл әркімнің-ақ қызығар тойы.



Біздің қадірменді жеңгеміз ретінде өзіңізді ортамыздың құты, ағайынның ырысы, балашағаның берекесі деп білеміз. Үлкені бар елдің қазынасы бар деп бекер айтылмаған. Сізге әрқашанда зор денсаулық, ұзақ жас, өмірдің, ұрпақтың қызығын көре беруді тілейміз.

*Жанарынан төгілетін ерекше нұр,
Жеңгейге арналады бөлекше жыр.
Бүгінгі туған күнің құтты болсын!
Құлпырып шыға келші белеске бір!
Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,
Бақытқа отбасылық кенеліңіз!
Отбасында ағамыз екеуіңіз
Шаттықта бақытты өмір сүріңіз!
Ертелі-кеш тынбастан томпаңдайтын, жеңешем,
Қас-қабаққа қарайлап жаутаңдайтын жеңешем.
Қыз Жібектің өзі деп ағамыз алған, жеңешем,
Ағамызбен 100 жасқа жет, жеңешем.*

Туған күніңіз құтты, алдағы ғұмырыңыз нұрлы, күндеріңіз қуанышқа толы болсын! Біз сізбен біргеміз! Немерешөберелердің қызығын ағамызбен бірге көріп, ағайын-туыстардың ортасында сый-құрметке бөлене беріңіздер!

*Ақ тілекпен: Тақышевтар әулетінің
атынан қайыңыз: Келденбай мен келініңіз Дариха.
Тайынша қаласы.*

ЭНЕРГИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫ КҮЗГІ-ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН

Жыл сайын Солтүстік Қазақстан облысының энергия кәсіпорындары өз объектілерін жылыту маусымына дайындауды жүзеге асырады. Бұл дайындықтың нәтижесі - 2021-2022 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындық паспортын алу.

Әзірлік паспорты – бұл энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі – қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін растайтын, жыл сайын берілетін құжат.

Сонымен, биылғы жылы «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаменті» ММ ескертусіз әзірлік паспорттары ҚР ЭГТРМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК СҚФ, «Зенченко және компания» КС және «Иван Зенченко» ЖШС берілді. Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл ЖЭО – 2, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» және «РТЖ» ААҚ филиалы – ООТЖ Петропавл бөлімшесіне әзірлік паспортын ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті берді. Бастапқы екі энергетика кәсіпорындары ескертүлермен алды. Яғни, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл ЖЭО – 2 2021 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде 2022 жылға негізгі отын жеткізу келісімшарттардың көшірмелерін және қазандықтардың жөндеу жұмыстары аяқталған соң 2021 жылғы 29 қарашаға дейінгі мерзімде № 4 қазандықтың техникалық жай – күйі параметрлері ведомосының көшірмесін, 2021 жылғы 9 желтоқсанға дейінгі мерзімде № 5 қазандықтың техникалық жай – күйі параметрлері ведомосының көшірмесін және 2021 жылғы 11 қарашаға дейінгі мерзімде № 2 қазандықтың техникалық жай – күйі параметрлері ведомосының көшірмесін ұсыну қажет.

«Солтүстік Қазақстан ЭТК» электр желілері мен қосалқы станцияларының жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес аяқталған соң 2021 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзімде 110 кВ ӘЖ, 35 кВ ӘЖ, 6-10 кВ ӘЖ, 0,4 кВ ӘЖ, 10 кВ КЖ, 35 кВ ҚС, 6/10/0,4 кВ ТҚС, ТҚС, КТҚС ведомосының көшірмелері ұсыну қажет.

Н. БОРЗИЛОВ,
ҚР АЭҚБҚ СҚО бойынша АД басшысы.

ЖӘРМЕҢКЕ - ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Өткен сенбі күні жайма-шуақ ауа райы орын алып, тайыншалықтар ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне қатысты. Жәрмеңкеде Тайынша қаласы мен ауылдық округтердегі ауылшаруашылығы тауар өндірушілері өз тауарларын ұсынды. Азық-түлік өнімдерінің 60-тан астам түрі төмен бағамен сатылымға шығарылды. Атап айтсақ, май, сүт және шұжық өнімдері, көкөністер, картоп, сәбіз, қызылша, қырыққабат, балық, тауық жұмыртқасы, бөдене, еттің түр-түрі, малға арналған жемазық. Бұл күні халықтың көпшілігі картоп пен сәбізді асыға құтті. Жәрмеңкеге арнайы «Астық СТЕМ»-нен әкелінген картоп пен сәбіздің сапасы да бағасы



да көпшіліктің көңілінен шықты. Жәрмеңке барысында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен үрлемелі музыкалық аспаптар оркестрінің мүшелері әнмен тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Тегін ыстық шай ішіп, ән тыңдап көңілдері көтеріңкі жүрген халыққа тағы да бір көрсетілген қошемет - жәрмеңке барысында Ш.Ш.Сельмурзаев пен В.В. Краевский мырзалардың бастамасымен нан тегін таратылып, кәсіпкерлер халықтың алғысына бөленді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

СҚО ТАЙЫНША ҚАЛАСЫ МЕН ТАЙЫНША АУДАНЫ БОЙЫНША ИНСТРУКТОРЛЫҚ УЧАСКЕЛЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ

Тайынша	1,2	Аудандық статистика басқармасы Қазақстан Конституциясы к-сі, 206	Тайынша қаласы	Семенова Анастасия Юрьевна +7 771659-0901 Ефремова Татьяна Николаевна +7 775172-1408
Тайынша	3	Келлер ауылдық округі әкімдігінің ғимараты Келлеровка ауылы Строительная көшесі, 17	Келлеровка а., Богатыровка А., Кременчуг а., Летовочное А., Краснокаменка а., Мәдениет А., Талап а., Горькое а., Подлесное, Дмитровка а. Краматоровка а., Макашевка а., Комсомол с., с. Октябрьское, Рошинское с., Сарыбай а.	Ридигер Даниэль Валерьевич 87713781536
Тайынша	4	Драгомиров ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Драгомировка ауылы, Мир көшесі, 11	Драгомировка, Обуховка а., Черниговка с., Озерное с., Степное с. Глубокое а., Ивангород а., Любимовка а., Красная Поляна а., Доброжановка а., Краснодольск ауылы, Южное ауылы, Чкалово ауылы Петровка ауылы (Молодежная көшесі, Степная көшесі, Жданов көшесі, С. Әшкеев көшесі, Киров көшесі, Центральная көшесі, Энергетик көшесі)	Рудольф Сергей Анатольевич 87006514174
Тайынша	5	Чкалов ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Чкалов ауылы, Гагарин көшесі, 26	Петровка ауылы (Ақан Сері көшесі, Маслозаводская көшесі, Строительная көшесі, Чапаев көшесі, Молдағұлова көшесі, Школьная көшесі, Абай көшесі, Мир көшесі), Новоберезовка ауылы, Қарағаш с., Константиновка с., Тапшыл с. Калиновка а., Белоярка а., Краснокиевка А., Донецкое а., Подольское а., аймақ а., Ильичевка с., Амандық с., Аққұдық с., Золоторунное с., Талдықөл с., Целинное с.	Құрманқұлова Жанар Серікқызы 87779524743
Тайынша	6	Чермошняя ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Чермошняя ауылы, Целинная көшесі 2	Ясная Поляна с., Дашка-Николаевка с., Вишневка, Новодворовка а., Зеленый Гай ауылы, Новогречановка ауылы, Большой Изюм с., Новоприверное с., Октябрьское с., Северное с., Новоивановка с.	Немошкало Алексей Иванович 87783921154
Тайынша	7	Миронов ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Школьная көшесі, 33	Тихоокеанское с., Алабота с., Шұңқыркөл с., Ильич с., Кирово с., Трудовое с., Восточное а., Мирное а., Агроном с., Котовское с., Кантемировское, Чермошнянка а., с. Теңіз, Теңдік с., Многоцветное с., с. Леонидовка, Нагорное с., Бахмут с., Мироновка а., Виноградовка а., Надеждинка с., Заречное с.	Дребезгова-Пономарчук Татьяна Петровна 87776448448

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс 336. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнамаңыз, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.